

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

Бұл мақалдағы антропоним компонент - «Құнанбай» атауы. Құнанбай – атақты ақын Абайдың әкесі. Тарихта Құнанбай есімі өзінің әділдігімен әрі қаталдығымен бейнеленеді. Ал мақалдың мағынасы өмірде Құнанбайдың көзінің соқыр болғандығына саяды.

Қорытындылап айтқанда, антропонимдер лексикалық бірлік ретінде қазақ тілінің меншігі болып табылады, ал егер антропонимдерді ұлттық тіл мәдениетіміздің потенциалды «алмастырушы» түрі ретінде қарастыратын болсақ, онда антропонимдер де этникалық мәдениетті білдіреді. Сол секілді қазақ мақал-мәтелдерінде кездесетін антропоним компоненттері халқымыздың бүкіл тарихи және мәдени тәжірибесімен байланысты. Антропоним компонентті мақал-мәтелдердің мағыналық құрылымын лингвомәдениеттану тұрғысынан зерделеу антропонимдердің негіздері арқылы берілген ұлттық лексикалық қордың байлығын ашып қана қоймай, лексикалық бірліктердің семантикалық қорын да меңгеруге мүмкіндік береді. Қазақ мақал-мәтелдерінде кездесетін антропонимдер ұжымдық тілдік сананы бейнелеуде маңызды орын алады, сондықтан оларды тек тілдік тұрғыдан ғана емес, мәдениеттану аспектісінде зерттеу де бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мадиева Г., Супрун В. Ономастиканың теориясы мен практикасы. Оқу құралы/ Г.Б. Мадиева, В.И. Супрун. —Алматы: Қазақ университеті; Волгоград: Изд-во ВГСПУ «Перемена», 2015.
2. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің сөздігі. – Алматы. «Фирма «Орнак» ЖШС, 2012. – 388 б.
3. Керімбаев Е. А. Қазақтың жалқы есімдерінің аталуының және қызмет етуінің этномәдени негіздері: дисс. автореф... филол. ғыл. докт. Алма-Ата, 1992. 61 б.
4. Ахметжанова Г. А., Баймусаева Б. Ш., Ниетбайтеги К. А. Антропонимы как хранители культурной информации: Филологические науки. Вопросы теории и практики. Тамбов: Грамота, 2012. № 7 (18): в 2-х ч. Ч. II. С. 30-33.
5. Аққозин М. Қазақ мақал-мәтелдері. Казахские пословицы и поговорки. Алматы: Қазақстан, 1990. – 288 б.
6. Джанузаков Т.Д. Социально-бытовые мотивы в казахской антропонимии. –Личные имена в прошлом, настоящем и будущем. – М., 1970. – С. 194-200
7. «Бабалар сөзі» жинағы - қазақ фольклорының 100 томдығы.

ӘОЖ 811.512.122

### ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

**Балтабаева А. А.**

[baltabaevaazada17@gmail.com](mailto:baltabaevaazada17@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ш. Қапантайқызы

Мектеп бағдарламасында фразеологизмді оқытуға бастауыш сыныптан жетінші сыныпқа дейінгі аралықты құрайды. Осы аралықта оқушыларға тақырыпты меңгеру үшін бірнеше сағаттар ғана бөлінеді. Менің ойымша, бұл фразеологиялық бірліктердің құрылымын, олардың шығу тегі мен қолдану мүмкіндігін толық түсіну үшін жеткіліксіз. Ана тілінің табиғатын неғұрлым тезірек түсіне бастасақ, ұлттық мәдениетті тезірек әрі тереңірек меңгеріп, түсіне аламыз. Оқушылардың тілді еркін меңгеріп, еркін қолдануы үшін сөздік қордың маңызды бөлшегі болып табылатын фразеологияға ден қоюмыз қажет. Алаған мәселе осы тақырыпты зерттеуге деген қызығушылығымызды оятты. Шағын зерттеуіміздің алдына мектеп оқушыларына сөз тіркесі туралы ұғым беру, олардың сөйлеу тілін дамыту

арқылы тілдік қабілеттерін жетілдіру жолдарын анықтау мақсатын қойдық. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер айқындалды:

1. Зерттеу жұмысының міндеттері ретінде фразеологизмдердің тілдік ерекшелігін, табиғатын және стильдік қызметін мектеп оқушыларына қазақ тілі сабағында жаттығу жұмыстары, технология мүмкіндіктері арқылы оқыту жолдарын қарастыру;

2. Тұрақты тіркестерді тілдік заңдылықтарға сүйене отырып зерттеумен қатар, оқушы дүниетанымына, ұлттық болмысына байланысты сипаттап жеткізу;

3. Тұрақты тіркестердің тек тілдің бейнелеуші сипаты ғана емес, халқымыздың рухани өмірінің байлығын көрсетуде ерекше қызмет атқаратындығын ұғындырып, күнделікті сөйлеу тілінде қолдану арқылы тіл байлығын дамытуға құлшыныстарын арттыру.

Фразеологизмді зерттеу бізге халқымыздың тарихы мен табиғатын тереңірек түсінуге, оның еңбек және рухани қызметінің ғасырлар бойғы тәжірибесін, діни көзқарастары мен нанымдарын зерттеуге, мәдени құндылықтарын тереңірек ұғынуға мүмкіндік береді. Осылайша, фразеологиялық бірліктерді зерттей отырып, оқушы қазақ халқының "даналығының қоймасын" өн бойына сіңіреді. Оның менталитеті мен мәдениетін ұрпақтан-ұрпаққа сақтайды және жеткізеді. Бұл тұста І. Кеңесбаевтың авторлығымен шыққан «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» еңбегі – қазақ фразеологиясына ғана емес, жалпы түркі фразеологиясын, түркітану ғылымына қосылған елеулі үлес болады. І. Кеңесбаев аталған сөздіктегі қазақ тілінің фразеологизмдері туралы жазған мақаласында фразеология туралы: «Тіл-тілдің өзіне тән ұлттық қасиеті оның барлық тарауларынан байқалатыны мәлім. Сол қасиет, әрине, тиянақты сөз тіркестерінен де анық көрінеді. Тіл байлығын сөз еткенде сөз байлығы деген топқа осы сөздікте қамтылған алуан түрлі фразеологизмдерді жай, жалпылай жатқыза салуға болмайды. Басқаша айтқанда сөз байлығын тексеретін тіл білімі саласын лексикология деп атайтын болсақ, фразеологизм байлығын тексеретін тіл білімі саласын фразеология деп атау әбден орынды», – деп жазады [1, 589].

Алайда, фразеологиялық бірліктерді танып, құндылық ретінде қабылдау мектеп оқушыларына оңай берілмейді. Бұл қиындық, ең алдымен, сөздердің фразеологиялық айналымдарда ерекше мағынаға ие болуымен байланысты. А.И.Молотков «Орыс тілінің фразеологиялық сөздігіне» кіріспе мақаласында: «Сөздікте фразеологизмдердің эмоционалды-экспрессивті бағасы өте шектеулі түрде беріледі... Бұл шектеу әр фразеологизмнің айқын эмоционалды-экспрессивті сипаттамасы туралы айтылған негіз жоқтың қасы және осы қатынаста белгіні қалыптастырудың қиындығымен түсіндіріледі. Әйткенмен де, кейбір фразеологизмдер сөздікте әзіл, мысқыл, тұрпайы, жақтырмау, дөрекі т.б. белгілермен көрсетілген. Мұндай белгілердің қойылуы фразеологизмдердің эмоционалды-экспрессивті реңктері туралы мәселенің шешілуіне практикалық жақтан келуін ғана білдіреді» [2, 1256.]. Сондықтан қазақ тілі сабақтарындағы фразеологиялық бірліктерді түсіндіру тек тиісті синонимдермен алмастыру арқылы ғана емес, сонымен қатар кеңірек әрі тереңдетілген түсіндіруді қажет етеді. Сабақтардағы фразеологиялық оралымның мағынасын дәлірек және толық ашу үшін фразеологиялық сөздіктерді қолданған жөн.

Оқушылардың осындай қиындықтарға ұшырамауы үшін фразеологизмдердің негізгі белгілерімен таныс болғаны дұрыс деп есептеймін. Фразеологизмнің белгісін жете білетін оқушы оны сөз тіркесі немесе мақал-мәтелдермен шатастырмайды. К.Аханов өзінің 1993 жылы жарық көрген «Тіл білімінің негіздері» еңбегінде төмендегі белгілерін атап өткен болатын: а) әрдайым бірден аңғарыла бермейтін астарлы, образды мағынасы болады; ә) өте-өте мәнерлі, әсерлі болу қасиетімен ерекшеленеді; б) сыңарларының орнын өзгертуге немесе басқа сөздермен алмастыруға болмайды; в) тіркесті синонимдес келетін бүтіндей фразеологиялық сөз тіркесімен немесе мағына жағынан дәлме- дәл келетін жеке сөзбен алмастыруға болады [3; 94].

Фразеология – рухани-адамгершілік мәдениетті қалыптастыру құралы. Ол баланың әртүрлі құндылықтарды, адамгершілік нормаларын игеруіне ықпал ете отырып, оқушының жеке басының толыққанды дамуына, оның талғамының қалыптасуына, қазақ тілі мен қазақ мәдениетіне бейімділігіне ықпал етеді деп айтуға болады. Сонымен бірге, оқушының жеке

әлеуметтік тәжірибесіне байланысты оның құндылық бағдарларын, дүниетанымын, көзқарасын үйреніп отырған тілдің өзіндік ерекшеліктерімен сабақтастықта қалыптастыру қажет. Мұнда оның фразеологизмдер туралы түсінігі мен қолдану дағдыларының болуы шарт. Оқу үдерісі барысында оқушының танымдық әрекетін белсендіру, жағымды эмоцияларын жетілдіруге айрықша ықпал ететін тілдік құрал – фразеологизм. Оқушының белсенділігі алған білімдерін өмірде, тәжірибеде пайдалана білуінен көрінеді. Сондықтан олардың танымдық белсенділігін қалыптастыру – оқу үдерісін жетілдірудің негізгі шарты. Фразеологизмнің мағынасын фразеологиялық сөздіктен өздігінен іздеуге ұмтылыс, студенттердің сабаққа қызығушылығын ғана тудырып қоймай, оның өз білімін өмірде қолдана алу дағдыларын да жетілдіреді, студенттердің сөздік қорын молайтып, шығармашылық қабілетін дамытады. Осы тұрғыдан келгенде, профессор Ф.Ш.Оразбаеваның: «Сөйлеу ерекшеліктерін меңгерген оқушы өз ойын ауызша және жазбаша түрде іске асырады. Бұл - тілді қолданудың тәжірибиелік көрінісі. Сол себепті оқушы тілі адамдармен қарым-қатынас құралы ретінде үйренгені дұрыс», - деген пікіріне қосыламыз [4;25].

Оқушыларға фразеологизмдерді түсіндіру үшін оларға келесі проблемалық сұрақтарды ұсынамыз:

1. Фразеологизмдердің толық мәнін түсінбеу, оларды сөз тіркестерінен ажырата алмау сияқты мәселелер түбінде қандай салдарға әкеліп соғуы мүмкін?


2. Ата-әжеңнен, ата-анаңнан немесе достарыңнан естіген қандай ерекше немесе өзіңе бейтаныс тұрақты сөз тіркесін білесің?

3. Жаңадан қандай тұрақты сөз тіркесін қолданысқа енгізер едің?

Фразеологизмдерді меңгертуге бағытталған интерактивті тапсырмалар жүйесі – зерттеу жұмысымыздың практикалық бөлігін құрайды. Олар түрлі интернет платформаларда дайындауға болады. Бұл жердегі мақсатымыз – нтерактивті әдістерді пайдалана отырып, оқушылардың фразеологизм туралы білімдерін кеңейту, өз сөйлеу тілінде белсенді қолдануына мүмкіндік жасау. Жаттығуларды Qr код арқылы «worldwall, learningapp» платформаларына кіріп, берілген нұсқаулық бойынша орындайды. Күтілетін нәтиже – жаттығуларды орындату арқылы фразеологизмдердің ерекшеліктерін, айырмашылықтарын түсіндіру және оқушылардың сөздік қорын молайту.

1. «Сәйкестендір» ойыны (1-сурет).

Оқушылар фразеологизмдерді оның мағынасымен сәйкестендіруі қажет. Бұл әдіс оқушыларға басқа ойындардан бұрын ойнатылып, олардың фразеологизмдарды еске түсіруіне, зейінінің шоғырлануына көмектеседі.



1-сурет «Сәйкестендір» ойыны

2. “Бәйге” ойыны (2-сурет).

Оқушылар қазақтың ұлттық спорты бәйгеге қатыса отырып, фразеологизмдер жөніндегі өз білім деңгейлерін сынап жарысады. Әр фразеологизмнің мағынасын дұрыс тапқан сайын шабандоз мәреге жақындайды. Бұл ойын біріншіден, оқушыны ұлттық спортымызға жақындата түседі. Екіншіден, оқушылардың бәсекелестікке қабілеттілігін


арттырады. Үшіншіден, интерактивті ойын ойнай отырып өз сөздік қорын молайтып, білімдерін толықтырады.



2-сурет “Бәйге” ойыны

### 3. “Суреттер сыры” ойыны (3-сурет)

Бұл ойын тура мағынасында суреттелген фразеологизмдерді сәйкестендіруге құрылған. Ойын фразеологизмдердің танымдық қызметін ашуға, оны тереңірек түсінуге көмектеседі



3-сурет “Суреттер сыры” ойыны

### 4. “Ажыратып көр” ойыны (3-сурет).

Оқушылар арасында мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді ажырата алмау, бір-бірімен шатастыру жиі ұшырасып жатады. Мәселені шешу үшін оқушыларға осы ойынды ұсына аламыз. Осылайша олар фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерге тән ерекшеліктер, ұқсастықтар мен айырмашылықтарын түсініп, ажырата алады.



3-сурет “Ажыратып көр” ойыны

Сөздік қор үнемі толықтыруды қажет етеді. Сөйлеуде фразеологиялық бірліктерді қолданып үйрену көбірек оқып, әртүрлі сөздіктерге жүгіну, жазушылардың шығармашылығына, қазақ ғалымдарының еңбектеріне жүгіну арқылы жүзеге асады. Алайда теориялық білім әрдайым практикалық біліммен ұштастырып отыруды қажет етеді.

Фразеологизмдердің табиғаты толығымен тек практикада ғана ашыла алады. Берілген жаттығулар арқылы балалардың ой-өрістері, сөйлеу дағдылары, сөйлесім әрекеттері, тілдің танымдық, қатысымдық қасиеттерін тереңдету, сөйлеу мәдениеттеріне көп ықпал етері сөзсіз. Фразеологизмдерді оқыту барысында оқушылардың сөздік қорын, тіл байлығын, сөздікпен жұмыс жасау тәсілдерін меңгеруі фразеологияның түрлері мен оның құрамын саналы түсінуіне, сөздік қордағы фразеологизмдерді күнделікті қарым-қатынаста жұмсауға дағдылануға әсер етіп, пәнге деген оқу мотивацияларын арттыра алатынымызға көз жеткіздік. Осы тақырып бойынша жиналған материалдар қазақ тілі сабақтарында, сондай-ақ сабақтан тыс жұмыстарда сәтті қолданыла алады.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.
2. Молотков А. И. Фразеологический словарь русского языка. — М.: Наука, 1967.
3. Аханов К. Тіл білімінің негіздері, А., 1973.
4. Оразбаева Ф. Ш Тілдік қатынас: Теориясы және әдістемесі. Алматы: Ы. Алтынсарин ат.ҚБАРБК, 2000. - 208 б.

ӘОЖ 81-139

### СТУДЕНТТЕРДІҢ ТІЛДІК САНАСЫН ЖЕТІЛДІРУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАР

**Бахытбекова М. Б.**

[malika.bakhytbekkyzy@mail.ru](mailto:malika.bakhytbekkyzy@mail.ru)

Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің магистранты, Семей, Қазақстан  
Ғылыми жетекші - Курмамбаева Қ.С.

Ассоциация ( латын тілінен алынған термин association-соединение) –дүниені тануда адам санасындағы алғаш пайда болатын бейнелі ойлы (ментальді) сигналдар,білім алудың бір тәсілі деген мағынаны білдіреді [ 1. 41б.]. Ассоциация арқылы тану – бұрынғы тәжірибелер мен жаңадан қабылданған түсініктер арасындағы байланысты ұғу болса,ассоциациялар жиынтығы-белгілі бір мәдениет аясында адамның әлем бейнесі туралы таным –түсінігін,түрлі бағалаулары мен құндылықтарын қамтиды. Ассоциациялар жиынтығы адамның тілдік санасының жиынтығы ретінде қаралады. Зерттеушілердің көпшілігі тілдік сананы зерттеуде ассоциативтік эксперимент әдісінің берер мүмкіндігін атап көрсетеді[2.10б.]. Ассоциативтік эксперимент индивидте қалыптасқан ассоциацияны айқындайды. Белгілі бір тілдік топ өкілінің тілдік санасының сыртқа шығуының құралы болып табылады. Ассоциативті эксперимент –бұл термин. Психологияда ХХ –ғасырдың басында ассоциативті эксперимент әдісі енгізілген. Ғылымда зерттеушілер ассоциативтік зерттеудің 3 түрін кеңінен қолданады.

Біріншісі –еркін ассоциативтік тәжірибе. (Свободный ассоциативный эксперимент). Аталған тәжірибеде информант (тәжірибе жүргізілетін адам) стимул- сөзге байланысты реакциясын білдіруде ойына бірінші келген сөзді көрсетеді. Аталған жағдайда ол сөздердің тұлғалық және мағыналық ерекшеліктеріне шектеу қойылмайды.

Екіншісі – бағытталған ассоциативтік тәжірибе.(Направленный ассоциативный эксперимент). Бұл тәжірибеде зерттеуші информант реакциясын білдіретін сөздің грамматикалық формасын шектейді яғни,жауаптың тек қана зат есім немесе сын есімдерден болуы ескертіледі.

Үшіншісі- тізбектік ассоциативтік тәжірибе.(Цепной ассоциативный эксперимент). Информанттың ұсынылған стимул-сөзге байланысты өз реакциясын білдіруде ойына